

## Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 6 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 202 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.04.2023 № 202 Жарлығымен.**

Институционалдық реформаларды іске асыру, қазақстандық қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғырту мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Президенті жанында Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) құрылсын.

2. Ұлттық комиссия екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына:

- 1) Ұлттық комиссия туралы ереже жобасын;
- 2) Ұлттық комиссияның жұмыс жоспарының жобасын;
- 3) институционалдық реформаларды іске асыру жөніндегі жұмыс топтары бойынша ұсыныстар енгізісін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

*Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 6 Жарлығына  
ҚОСЫМША

## Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 13.06.2018 № 701; өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 01.06.2019 № 57; 22.07.2019 № 74; 19.08.2019 № 121; 28.10.2019 № 195; 05.10.2020 № 427; 26.06.2021 № 605 Жарлықтарымен.**

Мамин –  
Асқар Ұзақбайұлы

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі, төраға

Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы –

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Төрағасы,  
төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Смайылов Әлихан Асханұлы	–	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Дәленов Руслан Ерболатұлы	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Жиенбаев Ержан Нұрланұлы	–	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Ахметжанов Марат Мұратұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасы
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	-	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Жайылғанова Анар Нұралықызы	-	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы
Келімбетов Қайрат Нематұлы	-	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы